

- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Құқықтық тәрбие бағытын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі жетекшілік етеді.

Ата-аналармен, педагогтермен және оқушылармен қосымша жұмыс жүргізіледі. Ата-аналарды балалардың білім алуы және тәрбиелеу мәселелері қызықтырады. Мұғалімдер сабақты босату, жекелеген оқушылардың отбасыларындағы қиын жағдайға байланысты жұмыс жүргізеді.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ үлгермеушілікті жою мақсатында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша және басқа да көптеген мәселелер бойынша кездесулер ұйымдастырылды.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылармен жұмыс негізінде жеке тәсіл қалыптасқан. Тәрбиедегі жеке көзқарас баланың білім беру ерекшеліктері мен деңгейін, сондай-ақ оның өмір сүру жағдайларын ескере отырып, педагогикалық әсерді ұйымдастыруды қамтиды. Осы жылдар бойы ата – аналармен, сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, психологпен, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиямен, қамқоршылық және қорғаншылық бөлімімен тығыз байланыста болдық. Мектеп психологы жасөспірімдер мен олардың отбасыларының контингентін төменгі сыныптардан бастап зерттейді.

Оқу – тәрбие процесінің негізгі бағыттарының бірі оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыру, құқықтық білімді насихаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбие бойынша жұмыс ерекше бақылауда.

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес құрылды, оның отырыстары тоқсанына 1 рет және қажеттілігіне қарай өткізіледі. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым арасында оқушыларды тәрбиелеу мәселелерін қозғайтын педагогикалық кеңестер, директор жанындағы кеңестер өткізді.

Құқық бұзушылықтың алдын алудағы оң нәтижелердің міндетті шарты педагогикалық ұжымның оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастығы болып табылады. Мектепте оқушылардың отбасыларын зерттеу және олармен жеке жұмысты жоспарлау бойынша сүйемелдеу қызметінің белгілі бір тәжірибесі жинақталған. Анықталған проблемалар тәрбие жұмысының даму бағыттары мен перспективаларын және оқушылардың әлеуметтенуін анықтауға мүмкіндік береді.

2024-2025 оқу жылы барысында оқушылардың сабаққа қатысуына күнделікті бақылау жүргізіледі, олардың болмау себептері немесе кешігу себептері анықталады, ата-аналармен және сынып жетекшілерімен тығыз

байланыс сақталады. Әр тоқсанның соңында сынып жетекшілері сабақты себепсіз босатудың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы толық есеп береді.

Ата-аналармен үлкен профилактикалық жұмыс жүргізіледі: әңгімелесу, консультациялар, педагогтармен және кәмелетке толмаған іс жөніндегі инспектормен кездесулер.

Алдын алу және үйлестіру жұмыстарының нәтижесінде 2024-2025 оқу жылы ішінде біздің мектептің бірде-бір оқушысы мектепшілік бақылауға алынған жоқ және заңға қайшы әрекет жасаған жоқ.

Құқықтық тәрбие бойынша оқушылармен жұмыс жасаудың негізгі бағыттары:

1. Жасөспірімдердің психологиялық-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;

2. "Балалардың қоғамдағы әлеуметтік бейімделу мәселелерін анықтау" сауалнамасы;

3. Педагогикалық немқұрайдылықтың сипатын, оқу іс-әрекетіне деген көзқарасты, артта қалуды, ерік-жігердің көрінісін анықтау;

4. Ұжымдық көріністерді анықтау, басқаларға, өзіне, отбасына деген көзқарас;

5. Пайдалы мүдделерді, қабілеттерді және кәсіби ниеттерді зерттеу.


Ар-ұят құндылығы

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. "Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған" сынып сабақтары, кітап көрмелері, "Жер-біздің ортақ үйіміз", "Ізгілік жолымен жүреміз" сынып сағаттары, Қазан айында "Қамқорлық" акциясы, «Қайырымдылық істер марафоны» өткізілді, оған мектеп оқушылары қатысып, қарт адамдарға көмек көрсетті. Жыл сайын «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты ақпараттық науқаны, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы ұйымдастырылып, өткізіледі.

Талап құндылығы



Талап құндылығы өскелен ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Патриоттық тәрбие

Патриоттық және интернационалдық тәрбие міндеттерін іске асыру үшін мектепте оқушыларды патриоттық тәрбиелеу жоспары әзірленді. "Қазақстан-менің Отаным", "Біз өз елімізді құрушылармыз" тақырыптары бойынша сынып сағаттары, «Тәуелсіздік терезесі» акциясы өткізіліп, оқушыларымыз әр түрлі іс-шараларға белсенділікпен қатысады. Жоғары сыныптарда "Жас ұрпақ Қазақстандағы бейбітшілік үшін", «Қазақстан біртұтас жер, біртұтас халық және ортақ келешек» сынып сағаттары өткізілуде. 1-11 сынып оқушылары «Құтқарушылар» күніне орай шаралар, «Ұлттық валюта күні» тақырыбында сынып сағаттары

СӨС қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысы

СӨС насихаттау аясында мектеп мұғалімдері ай сайын тақырыптық сынып сағаттарын өткізеді. 2023-2024 оқу жылы аралығында мектепте "Нашақорлық пен есірткіге жол жоқ!" атты сурет көрмесі, "Қызылша және оны алдын алу шаралары" және т.б. тақырыптарда сынып сағаттары мен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жыл сайын мектепте бұқаралық-спорттық жұмыстар ұйымдастырылады. Сонымен қатар биылғы жылы «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында республикалық «Дене сергіту» челленджі өткізілді.

Бүгінгі таңда мектепте оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін қажетті жағдайлар жасау өте маңызды, өйткені оқу сабақтарын өткізіп жіберудің басты себебі – денсаулық проблемалары-көбінесе оқушылар тыныс алу және жұқпалы ауруларға байланысты сабақтарды өткізіп жібереді.

Медициналық мониторингтердің нәтижелері бойынша әр түрлі факторларға байланысты оқушылардың денсаулығын жақсартуда оң динамика байқалады: педагогикалық ұжымның, СӨС мектеп бағдарламасы бойынша ата-аналардың жүйелі жұмысы, оның мақсаты оқушылардың денсаулығын жақсарту және сақтау, оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау, оқу-тәрбие процесінің әртүрлі іс-шаралары арқылы СӨС мәдениетін қалыптастыру: конкурстар, жарыстар өткізу; үйірме жұмыстарын (спорт секцияларын) ұйымдастыру.

Оқу жағдайларының санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкестігін анықтайтын фактор мектептің жаңа оқу жылының басталуына дайындығын жыл сайынғы комиссиялық бағалау және айыппұл санкцияларының болмауы болып табылады.

Мектеп дәстүрлері

Мектепте дәстүрлі түрде келесі іс-шаралар өткізіледі: «Білім күні», «Мұғалімдер күні», жыл сайын «Аққу» қыздар клубының мүшелерімен «Халықаралық қыздар күні». Бұл балалар мен жасөспірімдердің азаматтық ұстанымдарын дамыту мен нығайтуға, оқушылар ұжымын біріктіруге, рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған ауқымды іс-шаралар.

Жыл сайын мектепте "Мектепке жол", "Қамқорлық" акциялары өткізіледі. Жылына екі рет тамыз және қаңтар айларында "Қамқорлық" акциясы өткізіледі. Осы акция аясында мұғалімдер барлық үйлерді тексереді. Акцияларға жоғары сынып оқушыларының кеңесі белсенді қатысады, ата-аналар, қайырымдылық көмекті жеке демеушілер атынан да көрсетеді.

Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналардың көпшілігі мектеппен тығыз байланыста. Әрине, бастауыш сыныптарда бұл пайыз әлдеқайда жоғары және 5-11 сыныптарда жұмыс істейтін педагогикалық ұжымның міндеті-бастауыш буынның қалыптасқан дәстүрін жоғалтпау емес, керісінше нығайту болып табылады. Отбасымен жұмыс жасауда, ата-аналармен қарым-қатынас та, олармен байланыста сынып жетекшісіне беріледі. Жағдайы нашар отбасылар және есепте тұрған оқушылар мен олардың ата-аналары үнемі бақылауда болады.

Мәдени-көпшілік іс-шараларға ата-аналар тікелей қатысып, сынып жетекшілеріне көмек көрсетті. Осылайша, көптеген сынып жетекшілері ата-аналар қауымдастығымен екі жақты байланыс орнатады және сақтайды деген қорытынды жасауға болады.

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері ата-аналардың мүдделері мен тілектерін ескеруі керек, сонымен қатар ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мәселелеріндегі педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында ағарту жұмыстарын жүргізуі керек.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттерімен анықталады, олар әлеуметтік дамудың мазмұны мен бағытына байланысты.

2023 жылғы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектебімізде «Ата-аналады педагогикалық қолдау орталығы» өз жұмысын бастап жалғастыруда. Ата-аналармен сабақтар, тренингтер, әртүрлі шеберлік сағаттар мен кездесулер және т.б. шаралар өткізілуде.

«Даналық мектебі» аясында жас ұрпақтың тәбиесіндегі үлкендердің алар орны өте зор екенін көруге болады. Оқушыларымыз ата-аналарымен әртүрлі сайыстар мен шараларға қатысып, бала мен ата-ана арасындағы байланысты нығайтады.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Сыныптан тыс және бос уақытты өткізу

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың дене бітімін жетілдіру мақсатында мектеп оқушыларының үйірмелер мен секцияларға

мектепшілік жұмысқа орналасуы ұйымдастырылды: спорттық-үстел теннисі (жетекшісі Исабеков С.К.), волейбол (жетекшісі Шабиденов А.М.), ату бойынша (жетекшісі Исабеков С.К.), тоғызқұмалақ (жетекшісі Аманкулова Ү.И.), шахмат (жетекшісі Жакиенова К.К.), баскетбол (жетекшісі Шабиденов А.М.), Мектепте «Адалдық» дебат клубы (жетекшісі Жакиянова К.С.), «Адал ұрпақ» (жетекшісі Молдабеков А.Н.), «Себет» (жетекшісі Жусупова Д.С.), домбыра (жетекшісі Уакбаев А.Ж.) үйірмелері құрылып, жұмыс істейді.

Жалпы мектеп үйірмелері мен секцияларында қамтылған оқушылар саны 86% - ды құрайды. Барлық пәндік үйірмелер мен спорт секциялары кестеге сәйкес жұмыс істейді.

Дене шынықтыру, АӘД, технология мұғалімдері олимпиадалардың, конкурстардың, конференциялардың белсенді қатысушылары.

Исабеков С.К.

2023 ж. Аудандық мектеп жасөспірімдерімен әскери-қолданбалы спорт түрлері жарысы 3 орын, «Жас қыран» ұлдар командасы;

2023 ж. Аудандық пневматикалық мылтық пен ату 1 орын, Муратов Достан;

2023 ж. Аудандық пневматикалық винтовкадан ату жарысы 1 орын, Исабеков С.К.;

2024 ж. Аудандық мылтықпен ату жарысы, 1 орын, Исабеков С.К.

Жусупова Д.С.

2021 ж. Облыстық «Фантазия карнавалы» қашықтық сәндік-қолданбалы өнер байқауы, 1 дәрежелі диплом, Темірбек Дарын;

2021 ж. Облыстық «Фантазия карнавалы» қашықтық сәндік-қолданбалы өнер байқауы, 1 дәрежелі диплом, Қанайбек Нұрбақыт;

2022 ж. Облыстық «Менің Отаным – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауы, 3 дәрежелі диплом, Муратов Ерхан;

2022 ж. Аудандық «Біздің планетамызға қамқорлық» 3D қолөнер байқауы, 1 орын, Көшен Сүйінбай;

2022 ж. Аудандық кезең «Зерде» зерттеу жобалар байқауы, 3 орын, Картпаева Томирис;

2022 ж. Аудандық «Адам және табиғат» ғылыми-практикалық конференциясы, 1 дәрежелі диплом, Қанайбек Ақбота;

2022 ж. Аудандық «Адам және табиғат» ғылыми-практикалық конференциясы, 3 дәрежелі диплом, Сальмен Данат;

2022 ж. Аудандық «Менің Отаным - Қазақстан» ғылыми-практикалық конференциясы, 3 орын, Қанайбек Ақбота;

2022 ж. Облыстық «Менің Отаным - Қазақстан» ғылыми-практикалық конференциясы, 3 дәрежелі диплом, Қанайбек Ақбота;

2023ж. Аудандық «Қағаз фантазиясы» жаңа жылдық шеберлік сағат онлайн-байқауы, 3 орын, Сальмен Дания;

2023ж. Аудандық «Жаңа жылдық ғажайып» 3D ашықхат онлайн-байқауы, 1 орын, Мұрат Жания;

2023ж. Аудандық «Мен өз елімнің патриотымын» көрме-байқауы, 2 орын, Мұрат Жания;

2023 ж. Аудандық кезең «Зерде» шығармашылық зерттеу жобалар байқауы, 2 орын, Картпаева Томирис;

2023 ж. Аудандық кезең «Зерде» шығармашылық зерттеу жобалар байқауы, 1 орын, Қимыш Айару;

2023 ж. Облыстық кезең «Зерде» шығармашылық зерттеу жобалар байқауы, 3 орын, Қимыш Айару;

2023 ж. Аудандық кезең «Жарқын жіппен» шығармашылық байқауы, 3 орын, Мұрат Әлипа;

2023 ж. Аудандық кезең «Жарқын жіппен» шығармашылық байқауы, 2 орын, Мұрат Жания;

Абаильдинов Е.Е.

2022 ж. Аудандық 5-6 сынып (қыздар) оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы бойынша волейбол жарысы, 2 орын;

2022 ж. Аудандық қыздар арасында минифутбол жарысы, 2 орын;

2023 ж. Аудандық 5-8 сынып оқушылары арасында «Асық ату», 3 орын, Жасқайрат Данэль;

2023 ж. I оқушылардың кешенді спартокиадасында Президенттік көпсайыс жарысы 3 орын, Жасқайрат Әлхам;

Жакиенова К.К.

2023 ж. Аудандық ашық шахмат турнирі, «Ең жас шахматшы» номинациясы, Қимыш Айару;

2023 ж. Аудандық ұлттық лига бойынша шахмат жарысы, 3 орын, Қарақұдық командасы;

2024 ж. Облыстық жылдам шахмат жарысы, 1 орын, Қимыш Айару;

2024 ж. Облыстық жылдам шахмат жарысы, 2 орын, Жасқайрат Әлхам;

2024 ж. Облыстық жылдам шахмат жарысы, 2 орын, Жұмашев Айзат;

2024 ж. Облыстық жылдам шахмат жарысы, 2 орын, Жамбыл Ғабит;

2024 ж. Облыстық жылдам шахмат жарысы, 3 орын, Жасқайрат Данэль;

2024 ж. Облыстық жылдам шахмат жарысы, 3 орын, Қожайберді Үмітжан, Қожайберді Әлижан;

Жакиянова К.С.

2023 ж. Аудандық жазғы пікірталас турнирі, 1 орын, «Жас Алаш» командасы;

2024 ж. Аудандық «Бүкіләлемдік сайлау» күніне арналған пікірталас турнирі, «Дебат жұлдызы» номинациясы, Оспанова Арайлым;

Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту

Қарақұдық ЖОББМ 2023-2024 оқу жылы "Жас Ұлан" балалар ұйымы жұмысын жалғастырды, оның мақсаты жоғары патриоттық сезімі бар азаматты тәрбиелеу болып табылады, оған қойылған міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

* Қазақстанның мемлекеттілігі және өз Республикасының рәміздері туралы білімді қалыптастыру

* жеке тұлғаның жалпы шығармашылық ұмтылысын дамыту, жаңа мыңжылдықтағы іскер адамның қасиеттерін тәрбиелеу

* қоршаған әлемді эстетикалық, адамгершілік тәрбиелеу дағдыларын тәрбиелеу

* оқушылар мен мұғалімдер ұжымын біріктіру

* оқушыларды мектептің белсенді өзін-өзі басқаруына тарту

* СӨС насихаттау

- * балалардың бос уақытын ұйымдастыру
- * аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға қолдан келгенше көмек көрсету
- * жұмысты БАҚ-та тұрақты көрсету
- * балаларды олардың өмірін, оқуын ұйымдастыру, азаматтық сана-сезімді қалыптастыру, қоғамда әлеуметтену процесіне тарту.

Жыл сайын оқушылардың өзін-өзі басқару органдары Мектеп комитетінің активін, өзін-өзі басқару күнін, қарттар күніне арналған іс-шараларды, сыртқы келбетін тексеру, мектеп керек-жарақтарының болуы бойынша рейдтерді, жалпы мектепішілік іс-шараларды өткізеді

Әрбір бөлім оқушылардың жазғы демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың өз жобасын әзірлейді. Жыл сайын жазғы кезеңде оқушылардың демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру 80% құрайды және құқық бұзушылықтар санының болмауы, бұл жазғы кезеңде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты нәтижесі болып табылады.

9, 11 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмысы

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы үш бағытта құрылады: педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен және мектеп бітіруші оқушыларымен. Мектеп психологы, сынып жетекшілері мамандық таңдауға психологиялық бейімділігі бойынша 9, 11-сынып түлектері арасында диагностика, жеке және топтық консультациялар жүргізеді. Мектептің кешенді тәрбие бағдарламасына сәйкес 9-11 сыныптарда сынып сағаттары, лекториялар, ата-аналар жиналыстары, орта-арнайы және жоғары оқу орындарының кәсіби бағдар алушыларымен кездесулер өткізіледі.

Орта мектеп түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингісі

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Түлектер саны	5	6	4
ЖОО	5	0	
колледж	0	0	
Жұмысқа орналасқан	0	0	
Оқымайды, жұмыс істемейді	0	0	
Грант иегерлері	4	0	

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Жалпы саны	3	6	4
10 сыныпта оқуын жалғастырғандар	2	6	
Колледждерде оқиды	1	0	

Негізгі мектеп түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингісі

Негізгі мектеп оқушыларының жұмысқа орналасуын талдау колледждерге түсетін оқушылар санының көбеюін көрсетеді, бұған ата-аналармен жұмыс және

Меркел

оқушылардың мамандық таңдауға саналы көзқарасы дәлел бола алады. 9, 11 сынып түлектерінің кәсіби өзін-өзі анықтау мақсатында жыл сайын мектепте келесі іс-шаралар өткізіледі:

* Павлодар қаласының жоғары оқу орындары мен колледждерінің кәсіби бағдар алушыларымен кездесу және т. б.

* арнайы орта және жоғары оқу орындарына экскурсия

* оқушыларды кәсіби таңдауға көмек көрсету мақсатында ЖОО мен колледждердің кәсіптік бағдар берушілерінің ата-аналар жиналыстарында 9 және 11-сынып түлектерінің ата-аналарымен кездесулер, сондай-ақ үгіт-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Мектеп білім беру процесіне қатысушылардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

Жылдар	Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар саны	жетім балалар, ата-ананың қамқорлығысыз қалған балалар саны	патронаттық тәрбиедегі балалар саны	көпбалалы отбасылардан шыққан балалар
2022-2023	1	0	0	1
2023-2024	1	0	0	5
2024-2025				

"Қамқорлық" қайырымдылық акциясын өткізу аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Оқу жылы ішінде аз қамтылған отбасыларға жеке кәсіпкерлер қатарынан демеушілік көмек көрсетіледі.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жалпы білім беру қоры қаражатынан киім, аяқ киім, кеңсе тауарлары және тамақтану түрінде материалдық көмек көрсетілді.

Жалпыға міндетті оқу қорының жұмсалған қаражат

Жылдар	Жалпы білім беру қорынан бөлінген барлық қаражат (мың. Тенге)
2022-2023	4.872 000
2023-2024	5.175 000
2024 - 2025	6.108 000

Османов

Психодиагностикалық және профилактикалық жұмыс.

Психодиагностикалық жұмыстың барлық түрлері оқушыға өз мүмкіндіктеріне сенуге көмектесуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және мінездің жағымсыз көріністерін жеңуге деген ұмтылысын ынталандыруға бағытталған. Біздің мектепте нақты міндеттерді шешу кезінде алдын алу мақсатында тұлғалық даму диагностикасы жүргізіледі:

- балалардың даму деңгейін анықтау;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік сынып оқушыларының мектептегі бейімсіздігінің себептерін анықтау, педконсилиумдарды, сыныптық-жалпылама бақылауды дайындау;
- қарым-қатынастың бұзылуының психологиялық себептерін анықтау;
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;
- кәсіби бағыттағы диагностика;
- ІСБ – мен байланысты психологиялық жүктемелерді анықтау;

Консультативтік жұмыс-оқыту, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналармен, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту мәселелері бойынша балаларға жеке және топтық консультациялар өткізу.

Мектеп психологы оқушыларға қабілеттерін, бейімділіктерін дамытуға көмектеседі, дамудағы ауытқуларды жеңу, балалардың мінез-құлқы мен тәрбиесінің бұзылуы бойынша жұмыс ұйымдастырады, олардың жеке өсуіне және кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді. Оқушылармен жұмыстағы негізгі мәселелер дарынды балалармен, девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс, кәсіптік бағдар беру болып табылады.

Мектептің психологиялық қызметінің ата-аналармен жұмыс жасаудағы қызметі келесі формаларда ұсынылған:

1. Ата-аналар жиналысы-ата-аналармен танысу:

- әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың психологиялық ерекшеліктерімен;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік 9, 10 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінен өтуімен;
- ІСБ-мен және оқушылардың тұлғалық дамуы мен мінезінің қалыптасуымен байланысты қиындықтарды жеңу.

1. Әр түрлі мәселелер бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру.

2. Бала тәрбиесімен байланысты өзекті мәселелер бойынша ата-аналарға арналған буклеттер, лекториялар шығару.

3. Балалармен тиімді қарым-қатынас бойынша семинарлар, тренингтер.

4. Психологиялық орталықтардың мамандарымен кездесулер.

Үш жылдағы салыстырмалы талдау мектептегі ІСБ ұйымдастыру және басқару жүйесі мектептің үдемелі дамуын және инновациялық даму деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мектепте тәрбие жұмысының жүйесі қалыптасты, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына көп көңіл бөлінді, адамгершілік тәрбиесі мен руханиятты қалыптастыру бүкіл тәрбие процесінің өзегі болып анықталды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын, жеке тұлғаның танымдық

қажеттіліктері мен сұраныстарын, қоршаған ортаның әлеуетін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау басты назарда.

Оқу-материалдық активтер Кітапхана

Кітапхананың жалпы көлемі мен кітап қоймасы – 47 ш.м., жалпы қоры 8733 дана. Негізгі қор – 1878 дана. Білім алушылар контингентіне шаққандағы мектептегі оқу әдебиеті қоры талаптарға сәйкес келеді.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана

Кітапхана жұмысын тексеру барысында нормативтік құжаттар талаптарының орындалуы, кітапхананың кітап қоры, құрылымы, кітапхана қорын жаңартуға, қосымша әдебиеттерге жыл сайын жіберілетін қаражат көлемі, оқушылардың оқу процесіне көмек ретінде әдебиетпен қамтамасыз етілуі зерттелді.

жылдар	мектептегі барлық оқулықтар	оқушылардың жалпы саны
2022-2023	1744	52
2023-2024	1878	57
2024-2025	8961	59

Оқулықтар арнайы қоймада сақталады. Сөрелерде оқулықтар сыныптар мен пәндер бойынша орналасқан. Кітапхана қоры оқырмандар үшін ашық қолжетімді. Кітапханада Қазақстан жазушыларының, кеңестік және шетелдік жазушылардың әдебиеті бөлінген. Салалық әдебиеттер кітапханалық-библиографиялық жіктеу бойынша орналастырылған, сөрелік бөлгіштер бар. Кітапханада атаулы күндерге арналған кітап көрмелері ұйымдастырылады. Барлық көрмелер қазақ және орыс тілдерінде рәсімделген. Кітапханада қазақ және орыс тілдерінде мерзімді әдебиеттер бар.

Оқырмандар формуляры жүргізіледі, онда оқырмандарға берілген кітаптар туралы жазбалар бар. Кітапхана қорына жаңадан түскен барлық кітаптар түгендеу кітабына енгізіледі. Кітаптарда осы мектептің мөрі бар, түгендеу нөмірлері бар. Күнделікті жұмыс үнемі жүргізіледі. Жылына 2 рет оқулықтардың сақталуын тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Барлық мұғалімдер мен оқушылар кітапханалық қызметпен қамтылған.

Пәндер бойынша электронды оқулықтар бар. Нормативтік құжаттар: кітапхана туралы ереже, жылдық жұмыс жоспары, кітапхананы пайдалану ережесі. Кітапхана қызметін бақылау директор жанындағы жиналыстарда және әкімшілік планерлерде кітапханашыны тыңдау арқылы тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы басшысы



К.К.Жакиенова